

*Райымхан Кулзия Набиқызы***ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КЕСТЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ МУЗЕЙ ДЕРЕГІ
РЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫ***Райымхан Кулзия Набиқызы***МУЗЕЙ ИСКУССТВА КАЗАХСКОГО НАРОДА, ЕЕ КАЧЕСТВО
И ЗНАЧЕНИЕ***Raiymkhan Kulziya Nabikyzy***MUSEUM OF ART OF THE KAZAKH PEOPLE, ITS QUALITY
AND VALUE**

Қазақ қолөнерінің бірі – кесте және көркемдеп тігу ертеден келе жатқан өнер түрі. Өнер қазынасының сарқылмас мұхиты халық «адам өнерімен әсем, аң жүнімен әсем» дей келіп, «кестені көңіл сызады, қол тігеді, көз сынайды» деп қорытқан. Кесте өнері осы айтылғандай нағыз халықтық, алуан әдісті, таңдауы көп өнер. Кестелеу өнерінің туындыларын музей қорларынан, экспозицияларынан, көрмелерден көптеп кездесеруге болады. Кесте өнерінің тігіуінде, қолданысында аймақтық ерекшеліктер де кездеседі.

Музей қорларындағы халқымыздың кесте тігу өнерінің дерек көзі болып табылатын кестеленген бұйымдардың ішінде қазақтардың қолөнерін бергі дәуірде зерттеген Ә.Х.Марғұлан, Ә.А.Масанов, М.С.Мұқанов, Х.А.Арғынбаев, И.В.Захарова, Р.Д.Ходжаева, В.В.Востров сияқты ғалымдардың зерттеу экспедициялары нәтижесінде жиналған заттар құрайды.

Музейлік қорлардағы өнер туындылары, олардың тарихынан еңбек жазған бір туар ғалым Ә. Марғұланның еңбегі ерекше. Бүгінде еліміздің тәуелсіздік алуымен халық мұрасын жаңғырту, жаңа көзқараспен зерделеу, музейлік қорға жинақтау жаңа қарқынмен басталды.

Кестелеу өнерінде Қытайда, Монғолияда тұратын қазақтардың қолынан шыққан бұйымдары ерекше. Тәуелсіздік басқа мемлекеттерде өмір сүріп жатқан қазақтардың да қолөнер мұраларының сақталу деңгейін көрсетіп, олардың отанымызда ел игілігіне жаратуда мүмкіндік берді.

Музейлер ел арасынан қолөнер бұйымдарын жинау үшін ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастырып, қорларға құнды музей затын, соның ішінде кеселенген бұйымдарды да жинауды жолға қоюда. Музейлік заттар арқылы ұрпағымыз тігін өнерінің тарихын танып, бұйымдардың қолданыстық, символикалық, семантикалық мәнін түсінуге мүмкіндік алады. Музей қорларында тек дайын бұйымдар ғана емес, сонымен бірге оларды жасаған шебер, қолданылған ортасы, қолданған құрал-жабдықтары туралы да мәлімет жиналады. Музейде сақталатын бұйымдар мемлекет тәртібінен

зақ жүзінде қорғалады және сақталады. Сондықтан, кез-келген музейлік зат ұзақ уақыт қоғамға, ұрпаққа қызмет етуге қабілетті.

Қазақ халқының дәстүрінде киім-кешектер, төсек-орын жабдықтары, қалыңдық пен күйеудің киімдері, батырлар мен сал-серілердің киімдері, белбеулері, балақтары мен жең-жағалары әр түрлі жамылғыштар мен кежімдер, басқа да жол-жорық, үй-іші мүліктері кесте өрнегімен жиі безендірілетін.

Машинкамен не қолмен кестелеп тігетін өнер түрін «әшекейлеп кестелеу» деп атайды. Кесте былғары, шегірен, ақ тері, боялған тері, шұға, мауыт, шекпен, кенеп сияқты заттарға да тігіле береді.

Кестенің көне түрлері: біз кесте, айқас тігу, айқыш-ұйқыш тігу, басып тігу, қайып тігу. Біз кестенің «шым кесте», «әредік кесте» деген түрлері бар. Этнограф М.Мұқанов ұлттық кестенің үш түрі: біз кесте, баспа, кенебе түрлерін атап өтеді. Біз кесте дөңгелек немесе төрт бұрышты етіліп келген ағашқа керілген материалдың бетіне түсірілген ою-өрнек бойынша қарамақты бізбен кермелеп шалу арқылы кестеленеді. «Шым кесте» деп тігілетін материалдың ашық жерін қалдырмай немесе ашық орында өте аз қалдырып, тұтас кестеленген шымқай кестені айтады.

Әредік кестеде материалдың әр жері әшекейленіп, бөлек-бөлек өрнек салынады. Шым кесте, тұс киіз, сандыққап, мақпал шапан, орамалдың алақаны, жастық жапқыш, т.б. сияқты заттарға тігіледі. Әредік кестесі тақия, балақ, өңір, жаға, етекке және кең қоныш етіктердің бұрыш-бұрышы, перделердің шеттері сияқты заттарға тігіледі немесе бөлек тігіліп қондырылады. Кестені инемен тіккенде материалды керіп, тиісті жіппен сабақтаулы инемен алуан түрлі мәнерлеп кестелейді. Ол үшін кесені салатын матаға өрнек түсіріп алады да, сол өрнек ізімен тігеді. Кесте тігетін инелер молтақ, көздері кең болғаны жөн.

М.С. Мұқанов «XX ғасырдың басында қазақстанға көшіп келген орыс және украиндерден крестеп тігуді үйренді» деп жазады. Кесте өнеріндегі айқас (крестеп) тігу де инемен тігілетін кестенің ең көп тараған түріне айналды. Мұнда

өрнек ізімен біркелкі төртбұрышты етіп, бір жіптің үстінен екінші жіпті крест түрінде айқастыра бастырып отырады. Бұл қазір кесте тігудің ең қолайлы түрі деп танылып жүр. Қолмен тігуде негізінен тебен ине, жуан ине, бәсең ине, жіңішке ине қолданылады. Тебен инемен түйенің жабуы, қалың сырмақ, былғары тоқым сияқты заттарды сыриды. Жуан инемен сырмақтың жиегін, үйдің киіздерін, киіз байпақтарды тігеді. Жіңішке инемен жібек, торғын сияқты жұқа материалдарды, оларға салынатын кестелерді тігеді. Осыларға керекті жуан, жіңішке жіптерді де халық шеберлері суыртпақтай отырып өздері дайындайды.

Кестелеуде түктеп тігу әдісі де көп қолданылады. Ол үшін кесте бізбен шалынған жіптің үстіңгі жағында (оң бетінде) 1,2 сантиметрдей бұлдірге қалдырылып отырады. Шебер тігіп болғаннан кейін ол бұлдіргелерді қыркып, тегістейді. Жиі шаншылып, қалың түсірілген бұлдірге жіптері қыркылып тегістелген соң, кәдімгі кілемнің түгі сияқты әр түсті, түкті тігіс болып шығады.

Монғолиядағы қазақтардың «тұскиіз», «алаша», «жастыққап», «төсек аяқ» кестелері мәлім. Монғолия қазақтарында кестелеу өнерімен тұс киізді, төсек алдына тартатын алашаны, көрпе жапқышты, жастықты (жастықтың көзі), төсек кергіштерді кестелейді. Бұл кестелі заттарға көбінесе гүл кесте, шаршы кесте, дөңгелек кесте, ұзын ою түрлендіреді. Бұйымдарға аң, құс суреттері салынған бұйымдар да кездеседі. Дін иелері аң, құс суретін салуға болмайды деп ырымдайды (жол алады деген сенімнен кеп туған болса керек). Сол себеппен болар бертіңгі салынатын ою-өрнектерде аң, құстың бейнелері аз салынатын болды.

Кестелеу өнерінде тұскиіздің кестеленетін ерекше бізі болады. Оны: «кестенің бізі» немесе «ілмек біз» дейді. Ілмек бізі қатты тебен, жуан темірден жасалады. Кестенің біз кесте, қол кесте, крест кесте, шырыш кесте, «қиықша кесте» (шылаушын, кимешектерге шприцтің инесімен тігіледі, сонда екі жағы да тең болып түседі) сияқты түрлері бар. Кестені ағаштан, темірден жасалған кергішке керіп тігеді. Біз кестемен тұс киіз, жастықтың көздерін беттерін тігеді.

Қол кестені «тышқан із» дейді. Жастық жапқыш ақ бұлдарға тігіліп, жіңішке жіптермен төгіледі. Кергіш кесте инемен тігіліп, шеттерін тесьма, лента сияқты заттармен көмкереді. Шалу кестемен кимешектің алдын (иектің астыңғы төртбұрышын) салады.

Бүгінгі күні де қазақ кестесінің екі үлгісі жақсы сақталған. Мұнда «біз кесте», және «қол кесте». Біз кестені арнаулы «кергіш ағашқа» керілген оюлы шүберекті әртүрлі жіптермен арнайы жасалған «біздермен» тесе тігуді айтады. Бізді ұсталар істейді. Монғолиядағы қазақтар арасында әйгілі «ер кестешілер де» бар. Қол кестені арнайы дайындалған шүберектерге ине арқылы бастыра тігеді. Тұскиізге әртүрлі оюлар салынады. Олар

«шаршы ою», «дөңгелек ою», «үшкіл ою», «қошқар мүйіз ою» т.б. Бұл кестелерде: «қиықша», «тандай», «қызыл кесте», бастырғылар және «арқар мүйіз», «үкі аяқ» сияқты оюлар кестеленеді. Әртүрлі аң құс, жан-жануар, табиғат көркі, гүл бәйшешектер бейнеленеді. Қол кестелер жастық жапқыш, жүк жапқыш, төсек аяқ, бет орамалдарға кестеленеді.

Үлгі бойынша сызып алынатын өрнектің үстіне мәнеріне қарай тізіліп алынған әр түрлі ұсақ маржандар, моншақтар бастырылып тігіледі. Мұндай әдістерді бір киер киім мен сән-салтанат бұйымдарына қолданылады.

Алтындап, күмістеп тігу барқытқа, пүлішке, атлас, қырмызы сияқты асыл мата түрлерінен жасалатын бұйымдарды тігуге қолданылады. Мұндай тігістерге алтын және күміс жіптер қолданылады. Кейде нағыз алтын, күміс түстес жіңішке жиек баулары қолданылады. Алтындап тігуге бедерлі, бедерсіз басып тігу әдісін қолданады. Алтындап тігуге кестесіне маржандап тігу де аралас жүргізіледі. Мұндай кестелеу әдісін камзол, тақия, шапан, сәукеле сияқты бағалы, қымбат матадан тігілетін бұйымдарға пайдаланады.

Әр түрлі кесте оюларының шетін «шытыралап», «шырыштап» бастыра тігеді. Қазақ халқы тігін тігу нәтижесінде үйге салынатын әртүрлі сырмақ, текеметтерді де өздері тігіп, сырып алады, қойдың ақ, қара жүндерін сұрыптап алып, жұқа болдырып басып, әртүрлі оюлар бейнесінде «ойыстырып» киюластырып тігеді.

Инемен басып, айқастырып, қайып, ілмелеп, шалып тігу арқылы кестелеу ісі орындалады.

Бізбен, машинамен және инемен көркемдеп тігілген кестені «әшекейлеп кестелеу» деп атайды. Қазіргі кезде Қазақстанда әр түрлі сән үлгілеріндегі және жаңа үлгідегі киімдерге кестелеп өрнек салу, әр түрлі ұлттық дәстүрдегі заттарды әшекейлеуге қолданылса, Монғолия қазақтарында да киім-кешек, төсек-орын, үй жабдықтарынан кесте өз орнын табуда.

Кесте тігу үшін ілмек біз (қатты, тебен, жуан темірлерден жасалады), ине қолданады. Кестені ағаштан, темірден жасалған кергішке керіп тігеді. Біз кестені тұс киізге жастықтың «көздерін», яғни беттеріне, төсек алашаларына тігеді. «Қол кестені» инемен тігеді. Кергішке бұлды салып, жапқыш ақ бұлдарға тігіледі. Халық арасында оюлы кесте, гүл кесте, жапырақ кесте, шаршы кесте, дөңгелек кесте, тышқан із кесте, шырыш кесте т.б. ою-өрнектеріне қарай атауы жиі кездеседі. Қазақ әйелдері кестелеудің төрт түрін қолданады. Олар біз кесте, баспа, кенебе, албыр кесте дейді. Бұл кесте түрлерінің бәрі Монғолия қазақтарында бар.

Қазақ халқының кестелеу өнерінде ең көп тараған түрлері: тұтас матаны әр түрлі шымқай жіппен кестелеу, әр түрлі маталарды оюлап кестелеу, маталарды бөлек кестелеп, киіз бетіне оюлап жапсыру. Тұтас матаға кестелеу үшін жасалатын

тұскиіздің көлеміне қарай, лайықты мөлшерде шымқай қара, көк, ақ, сары, жасыл немесе қызғылт сары түстес тұтас барқыт, мауыт, шұға, атлас маталардың бір түсін ғана алып, оны түрлі түсті жіптермен өрнектеп кестелейді және айнала шетін өзге түсті маталармен көмкереді. Әдетте, тұскиіздің тұтас матаға жасалған кестесі киізбен астарланады. Кестелі матаны астар киізге жапсырып сырымайды, тек шеткі көмкерулер арқылы ғана жапсырып тігеді.

Әр түрлі матаны өз-ара оюластырып кестелеу кең тараған іс. Ол үшін бөлек бірнеше қалауынша түстегі маталарды таңдап алып, бір-іріне оюластырады да, кейін ою тігістерін бойлай кестелейді. Кейде тек ою жапсарларын ғана емес, ою-өрнектердің ішін де кестемен толтырады. Тұскиіз кестесі бір тұтас мазмұндағы бірнеше ою-өрнектердің жиынтығынан, яғни бірнеше ою-өрнектердің ұнамды үйлескен тұтас желісін жасау негізінде тігіледі. Сондай-ақ киіз бетін матамен оюлап кестелеу бар.

Тұс киіздің мұндай түрі қазақтың дебіске делінетін жұқа сырғағына ұқсайды. Оюлап кестеленетін тұскиіз бірыңғай не шымқай ақ, не шымқай қара болады. Тұскиіз жасаушы шебер осы киіздің бетін оюлайтын маталардың түсін өздерінің қалауынша таңдап алады. Мұндай тұскиіздің шеті бір түсті матамен көмкеріледі. Көмкеруден кейін киіз шетінен қалдырылатын жолақты кестелейді. Жиек кестесін көрнекті ету үшін бір-біріне тиістіре қайталайды, мұны «су» деп атайды. Тұскиізді

кестелеуде түрлі-түсті жіптерді араластыра тігеді. Қазақтар сейсеп, перде, жастықтың тысы, ат жабу, кесе қап, аяқ қап, сүлгі т.с.с бұйымдарының бәрін кеселеп отырған. Кесте өнерін ұрпақтарн-ұрпаққа жеткізіп, әсіресе қыз баларына үйретуге тырысқан.

Еліміздің музейлерінде XIX-XXғғ. тарихи-мәдени дерек ретінде тұскиіз бұйымдары сақталған.

Бүгінгі күні де ел арасында алтындап тігу, қату, айқас тігіс, қусыру, батырып тігу, маржан тігіс, бедерлеп тігу, сыру, бүгіс тігіс, тепшу, бүрме тігіс, тышқан із, жөрмеу, шалып тігу, көктеу, шанша тігу т.б. көптеген түрлері қолданыстағы тігу әдістеріне жатады. Монғолия қазақтарында сыру әдісі, тұс киіз тіккенде алақұрт, сағат бау, шытыра, су тарту, ирек түсіру, кереге көз сияқты аталатын тігін тәсілдері белгілі.

Қазақ этнографиясының бір саласы - кесте өнері бұйымдарын музей қорларына жинау және зерттеу, насихаттау аса маңызды істің бірі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Казахи: Историко-этнографическое исследование. – Алматы: Казахстан, 1985.- 352с.
2. Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство.- Алма-Ата, 1 том.1986.-256с.
3. Муканов М.С. Казахские домашние художественные ремесла.-Алма-Ата: «Казахстан», 1979.-120с.
4. Қасиманов С. Қазақ халқының колөнері.- Қазақ мемлекет баспасы, 1962.-134б.
5. Райымхан К.Н. Ата кәсіп.-Алматы, 2001.-148б.

Рецензент: д.и.н. Батырбаева Ш.Дж.